

«ҚТЖ -Жолаушылар локомотивтері» ЖШС

Қаржылық есептілік

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

МАЗМҰНЫ

Басшылықтың 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда мен зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	5
Қаржылық есептілікке ескертпелер	6-43

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы

Басшылық 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС (бұдан әрі - «Компания») қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және көрсетілген күнге аяқталған жылғы меншікті капиталдағы өзгерістерді анық көрсететін қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес («ХҚЕСК») шығарған ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындауға жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- Есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолданылуын қамтамасыз ету;
- Ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- Пайдаланушыларға түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Компания қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Компанияның өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сондай-ақ:

- Компаниядағы ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесінің қызметін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Компания мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- Бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- Компания активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қолдануға; және
- Қаржылық және басқа асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігін басшылық 2026 жылы 6 наурызда бекітті.

Компания басшылығының атынан:



А.Т. Құрақбаев

Басқарма Төрағасы (Бас директор)

А.Б. Мақсұтов

Бас директордың экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Г.Е. Қаңтарбаева

Г.Е. Қаңтарбаева

Бас бухгалтер-
Бухгалтерлік және салықтық есептің
функционалдық бағытының басшысы

2026 жылғы 6 наурыз
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-нің Қатысушысына, Қадағалау кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-нің (бұдан әрі - «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, пайда мен зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің *«Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлігінде сипатталған. Біз Компанияға қатысты бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес қабылдаған *Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда)* (БХЭСК кодексі) сәйкес, жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға қатысты тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің басты мәселесі

Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі құралдары 326.218.891 мың теңге болды.

«Активтердің құнсыздануы» 36 ХҚЕС-ке сәйкес Басшылық жыл сайын құнсызданудың әлеуетті белгілерін бағалап, Компанияның негізгі құралдарының өтетін сомалары олардың баланстық құнынан төмен болуы мүмкін екендігін айқындайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану белгілерінің болуын айқындауға қажетті маңызды пайымдаулар және негізгі құралдардың баланстық құнының елеулілігі бұл мәселені аудитте шешуші етеді.

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау туралы ақпарат қаржылық есептіліктің 3-ескертпесінде ашылып көрсетіледі. Негізгі құралдар туралы ақпарат қаржылық есептіліктің 5-ескертпесінде ашылып көрсетіледі.

Біз негізгі құралдардың әлеуетті құнсыздану белгілерін анықтау үшін Компанияның саясаты мен процедуралары туралы түсінік алдық.

Біз физикалық залалдың болуына, нарықтық құнның өзгеруіне, технологиялық ескіруге және пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауына назар аудара отырып, басшылық дайындаған құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерінің критерийлерін талдауды алдық және бағаладық.

Біз Компанияның басшылығынан және техникалық персоналынан басшылықтың бағалауы үшін пайдаланылған негізгі бастапқы деректер мен пайымдауларды бағалау үшін ақпаратты сұраттық.

Біз бюджетпен салыстырғанда Компания қызметінің ағымдағы кезеңдегі көрсеткіштері және операциялық шығыстары сияқты ішкі ақпарат көздерін талдадық.

Біз инфляция, валюта бағамдары және пайыздық мөлшерлемелерді қоса алғанда, құнсыздану белгілерін талдау кезінде басшылық қолданатын негізгі нарықтық көрсеткіштерді сыртқы деректермен салыстырдық.

Біз Компания ашып көрсеткен негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау туралы ақпаратты сараладық.

Аудиттің басты мәселесі**Тиісті басты мәселе аудитіміздің
барысында қалайша қарастырылды****Міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау**

Кейбір кредиттік келісімдерінің талаптарына сәйкес Компания белгілі бір қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын сақтауға міндетті. Сондай-ақ Компания

Қатысушысының шоғырландырылған қаржылық ақпараты негізінде есептелетін қаржылық шектеу талаптары бар.

Қаржылық шектеу талаптарын сақтау аудитіміздің барынша маңызды мәселелерінің бірі болып табылады, өйткені ол қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы есептегі қарыздар мен борыштық бағалы қағаздардың жіктелуіне зор ықпал ете алады.

Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат қаржылық есептіліктің 12-ескертпесінде ашылып көрсетілген.

Біз, қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарын, сондай-ақ мерзімінен бұрын өтеу талаптарын қоса алғанда, кредиттік келісімдерінің талаптарын сараладық.

Біз Компания Қатысушысының шоғырландырылған қаржылық ақпаратын алдық және қаржылық шектеу талаптарын есептеу кезінде пайдаланылған деректерді Қатысушының шоғырландырылған қаржылық ақпаратынан алынған ақпаратпен салыстырдық.

Біз қаржылық шектеу талаптары есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз Компанияның қаржылық есептілігіндегі қаржылық және қаржылық емес шектеу талаптарының сақталуы туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Басқа да мәліметтер

Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігінің аудитін 2025 жылғы 14 ақпандағы бұл есептілікке қатысты түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

Басшылықтың және Қадағалау Кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Қадағалау кеңесі Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит әрқашан болған жағдайда айтарлықтай бұрмалануды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- ▶ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ біз қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.



Shape the future
with confidence

Біз Қадағалау кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Қадағалау кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Қадағалау кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші - Гүлдария Зарипова.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Гүлдария Зарипова
Аудитор

Аудитордың 2017 жылғы 13 қаңтардағы
№ МФ-0000414 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

А15ЕЗН4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2026 жылғы 6 наурыз

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

мың теңгемен	Ескерт- пелер	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	326.218.891	304.276.419
Аванстар, төленген негізгі құралдар	6	24.162.358	19.226.564
Өтелуге жататын ҚҚС	7	23.339.164	22.294.538
Басқа да айналымнан тыс активтер		–	15.058
Айналымнан тыс активтер жиыны		373.720.413	345.812.579
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	8	2.679.765	1.493.183
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	25	330.961	12.570.283
Басқа да айналымдағы активтер	9	3.971.160	3.793.118
Ақша қаражаты мен оның баламалары	10	851.808	379.225
Айналымдағы активтер жиыны		7.833.694	18.235.809
Активтер жиыны		381.554.107	364.048.388
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	11	96.890.536	96.890.536
(Жинақталған залал) / Бөлінбеген пайда		(11.186.008)	3.810.823
Капитал жиыны		85.704.528	100.701.359
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар және борыштық бағалы қағаздар	12	191.194.595	178.371.497
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		11.639	11.659
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	22	15.826.856	7.811.849
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		207.033.090	186.195.005
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар мен борыштық бағалы қағаздардың қысқа мерзімді бөлігі	12	67.897.843	59.281.067
Қаржылық кепілдіктер шарттары бойынша міндеттемелер	13	6.975.372	7.751.622
Сауда кредиторлық берешек	14	13.574.909	9.267.779
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	15	368.365	851.556
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		88.816.489	77.152.024
Міндеттемелер жиыны		295.849.579	263.347.029
Капитал мен міндеттемелер жиыны		381.554.107	364.048.388

Компания басшылығының атынан:


 Құрақбаев

Басқарма Төрағасы (Бас директор)

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер-
Бухгалтерлік және салықтық есептің
функционалдық бағытының басшысы


 Г.Е. Қаңтарбаева

2026 жылғы 6 наурыз
Астана қ., Қазақстан Республикасы

6-43 бет аралығындағы ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ПАЙДА МЕН ЗИЯН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгеммен)	Ескерт- пелер	2025 ж.	2024 ж.
Локомотивтік тарту қызметтерінен түскен түсім	16	4.599.371	4.151.356
Уақытша теңгерімдеу төлемақысы	3, 17	99.861.380	85.791.013
Мемлекеттік субсидиялар	3, 18	11.474.000	11.432.625
		115.934.751	101.374.994
Өзіндік құн	19	(92.621.230)	(81.643.608)
Жалпы пайда		23.313.521	19.731.386
Жалпы және әкімшілік шығыстар		(1.413.231)	(1.374.225)
Қаржылық кіріс		1.687.382	649.642
Қаржылық шығындар	20	(17.011.702)	(15.977.039)
Бағамдық айырмадан болған залал, нетто		(13.924.625)	(11.643.798)
Басқа да кірістер	21	363.160	906.796
Салық салынғанға дейінгі залал		(6.985.495)	(7.707.238)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	22	(8.015.007)	(7.049.233)
Бір жылғы залал		(15.000.502)	(14.756.471)
Пайда салығын шегере отырып, басқа да жиынтық кіріс/(залал)			
Пайдада немесе зиянда кейіннен қайта жіктеуге жатпайтын баптар:			
Еңбек қызметінің аяқталуына бойынша қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелерді қайта бағалау		3.671	(3.916)
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да таза жиынтық кіріс/(залал)		3.671	(3.916)
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс/(залал)		3.671	(3.916)
Бір жылғы жиынтық залал		(14.996.831)	(14.760.387)

Компания басшылығының атынан:



Т. Құрақбаев

Басқарма Төрағасы (Бас директор)

А.Б. Мақсұтов

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Г.Е. Қаңтарбаева

Г.Е. Қаңтарбаева

Бас бухгалтер-
Бухгалтерлік және салықтық есептің
функционалдық бағытының басшысы2026 жылғы 6 наурыз
Астана қ., Қазақстан Республикасы

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)	Ескерт- пелер	2025 ж.	2024 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақша қаражатының түсуі:		112.366.292	55.793.615
Уақытша теңгерімдеу төлемақысы		95.443.000	39.152.252
Мемлекеттік субсидиялар		11.474.000	11.432.625
Қызмет көрсету және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша алынған аванстар		5.261.149	4.495.038
Басқа да түсімдер		188.143	713.700
Ақша қаражатының кетуі:		(68.085.182)	(50.579.560)
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		(55.444.367)	(38.911.215)
Тауарлар мен қызметтерді берушілерге берілген аванстар		(10.369.151)	(7.860.432)
Еңбекақыны төлеу бойынша төлемдер		(1.082.160)	(892.287)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(469.095)	(422.328)
Еңбекақыны төлеумен байланысты салықтар мен аударымдарды төлеу		(209.356)	(167.987)
Басқа да төлемдер		(511.053)	(2.325.311)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		44.281.110	5.214.055
Төленген пайыздар		(15.038.199)	(14.409.115)
Төленген табыс салығы		(119.931)	(102.846)
Операциялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты		29.122.980	(9.297.906)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақша қаражатының түсуі:		–	8.955.194
Бас компанияның қарызды өтеуі	25	–	8.955.194
Ақша қаражатының кетуі:		(166.786)	(39.405.414)
Негізгі құралдарды сатып алу және негізгі құралдар үшін төленген аванстар		(166.786)	(39.405.414)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(166.786)	(30.450.220)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақша қаражатының түсуі:		61.806.124	71.456.856
Борыштық бағалы қағаздар эмиссиясы	12	35.000.000	–
Қарыздар алу	12	–	49.428.472
Бас компаниядан қарыз алу	12	26.806.124	22.028.384
Ақша қаражатының кетуі:		(90.339.064)	(32.320.219)
Қарыздарды өтеу	12	(61.962.380)	(29.194.074)
Облигациялық қарыздарды өтеу	12	(7.258.202)	–
Пайдалануда шектелген ақша қаражатына аудару		–	(3.126.145)
Бас компаниядан алынған қарызды өтеу		(21.118.482)	–
Қаржылық қызметте (пайдаланылған) / алынған таза ақша қаражаты		(28.532.940)	39.136.637
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		423.254	(611.489)
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	379.225	1.418.070
Валюта бағамдарының шетел валютасында көрсетілген ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстарына өзгеруінің әсері			
Күтілетін кредиттік зияндар резервінің өзгеруінен болған әсер	10	(20)	56
Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша сыйақы		56	147
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	851.808	379.225

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

<u>мың теңгемен</u>	Ескерт- пелер	2025 ж.	2024 ж.
Ақшасыз операциялар:			
Негізгі құралдарды банк өнім жеткізушіге тікелей аударған қарыз қаражаты есебінен сатып алу	12	32.015.819	30.059.341

Компания басшылығының атынан:



А.Т. Құрақбаев

Баскарма Төрағасы (Бас директор)

А.Б. Мақсұтов

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Г.Е. Қаңтарбаева

Г.Е. Қаңтарбаева

Бас бухгалтер-
Бухгалтерлік және салықтық есептің
функционалдық бағытының басшысы

2026 жылғы 6 наурыз
Астана қ., Қазақстан Республикасы

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

мың теңгемен	Ескерт- пелер	Жарғылық капитал	(Жинақталған залал) / Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға		96.890.536	24.766.819	121.657.355
Бір жылғы залал		–	(14.756.471)	(14.756.471)
Бір жылғы басқа да жиынтық залал		–	(3.916)	(3.916)
Бір жылғы жиынтық залал		–	(14.760.387)	(14.760.387)
Кейінге қалдырылған табыс салығын шегере отырып, қаржылық кепілдік шарты бойынша міндеттемені әділ құны бойынша тану	13,22	–	(6.195.609)	(6.195.609)
2024 жылғы 31 желтоқсанға		96.890.536	3.810.823	100.701.359
Бір жылғы залал		–	(15.000.502)	(15.000.502)
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		–	3.671	3.671
Бір жылғы жиынтық залал		–	(14.996.831)	(14.996.831)
2025 жылғы 31 желтоқсанға		96.890.536	(11.186.008)	85.704.528

Компания басшылығының атынан:



А.Т. Құрақбаев

Баскарма Төрағасы (Бас директор)

А.Б. Мақсұтов

Бас директордың экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Г.Е. Қаңтарбаева

Бас бухгалтер-
Бухгалтерлік және салықтық есептің
функционалдық бағытының басшысы2026 жылғы 6 наурыз
Астана қ., Қазақстан Республикасы

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС (бұдан әрі – «Компания») «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жолаушылар тасымалын субсидиялау схемасын өзгертуді көздейтін түзетулердің қабылдануына байланысты құрылды. Даму комитетінің шешімімен және 2018-2020 жылдарға арналған «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Бас компания» немесе «ҚТЖ» ҰК) АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-қимыл жоспарымен бекітілген «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-ін құру жөніндегі Жол картасының шеңберінде «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-не кейіннен «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-ін қоса отырып оны бөлу жолымен Бас компанияны қайта ұйымдастыру бойынша бірқатар іс-шаралар әзірленді.

2019 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас компанияның еншілес кәсіпорны «KTZ Express» АҚ-дан «Airport management group» ЖШС-дегі 99% үлесін 15 мың теңгеге сатып алды.

2019 жылғы 9 желтоқсанда «Airport management group» ЖШС «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС ретінде қайта тіркелді. 2021 жылғы қаңтарда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас компанияның «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС еншілес ұйымына қатысу үлесінің 99%-ын берді. 2021 жылғы қаңтардан бастап «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС жолаушылар қозғалысында локомотивтік тарту қызметтерін көрсете бастады.

2021 жылғы 31 тамызда «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС мемлекеттік тіркеуден өтіп, оған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нен активтер мен міндеттемелер берілді.

«ҚТЖ» ҰК) АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен оған «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-нің қосылуы арқылы «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС қайта ұйымдастырылды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС арасындағы бөлу процесі 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталды.

Компания жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тарту қызметтері нарығындағы 100% үлесі бар қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілеріне жатады. Компания коммерциялық және әлеуметтік маңызы бар (субсидияланатын) маршруттар бойынша жолаушылар қозғалысында локомотивтік тарту (жылжымалы тартқыш құрам) қызметтерін көрсетеді.

Мемлекет, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Акционер») арқылы Компанияның түпкі акционері болып табылады. Байланысты тараптармен жасалған операциялар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 25-ескертепде келтіріледі.

Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Компания ұсынатын жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдау үшін локомотивтік тарту қызметтеріне тарифтер мемлекеттік реттеуге жатады. Локомотивтік тарту қызметтерінің тарифтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі – «Комитет») келіседі. Жолаушыларды тасымалдауға арналған локомотивтік тарту қызметтерінің реттелетін тарифтерінің деңгейі учаскелердің түріне байланысты өзгереді (магистральдық теміржол желісінің электрлендірілген, электрлендірілмеген учаскелері). 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Комитет тарифтердің мынадай деңгейлерін келіскен: жылумен тартуда 23.844,78 теңге және электрмен тартуда 17.200,93 теңге. 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы бұл тарифтер өзгерген жоқ.

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания жұмыскерлерінің тізімдік саны тиісінше 97 және 101 адамды құрады.

Компанияның тіркелген кеңсесінің мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев көшесі, 10-үй.

Операциялық орта

Дамып жатқан елдердің нарықтары, Қазақстанды қоса, барынша дамыған нарықтарға қарағанда экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге ұшырағыш келеді. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгере алады, оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақта даму бағыттары, көбінесе мемлекеттің салық және кредит-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдай өзгерістеріне байланысты.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Операциялық орта (жалғасы)**

Қазақстан Республикасының мұнай және газдың үлкен көлемін өндіретіндігіне және экспортқа шығаратындығына байланысты, Қазақстан Республикасының экономикасы әлемдегі мұнай және газ бағасының өзгеруіне ерекше сезімтал келеді. Экономикалық ахуал өзгерістерінің Компания қызметінің келешек нәтижелері мен оның қаржылық жағдайына әсері едәуір болуы мүмкін.

2025 жылы елдегі инфляция жеделдеп, жылдық 12,3% құрады (2024 жылы инфляция жылдық 8,6% құрады).

2025 жылдың ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/- 1.1,0 т.т. дәлізімен жылдық 15,25%-дан 18%-ға дейін көтерді. ҚРҰБ теңгенің өзгермелі айырбас бағамы кезінде инфляциялық таргеттеу режимінде ақша-кредит саясатын ұстанады. Теңгенің АҚШ долларына ресми айырбастау бағамы 2025 жылғы 1 қаңтарға АҚШ доллары үшін 523,54 теңгеден 2025 жылғы 31 желтоқсанға 502,57 теңгеге дейін өзгерді. Геосаяси тәуекелдердің болашақтағы өзгеруіне және олардың Қазақстан экономикасына ықпалына қатысты белгісіздік сақталуда.

Компания басшылығы экономикалық, саяси және геосаяси ахуалдың ағымдағы өзгерістерін қадағалауда әрі таяу болашақта Компанияның бизнесін тұрақтандыру әрі дамыту үшін қажет деп тапқан шаралар қабылдауда. Алайда, болған оқиғалардың салдары және олармен байланысты болашақ өзгерістер Компанияның қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ**Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕСК») шығарған ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленді.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Компанияның бұл қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалды. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі экономикалық қызметі барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді болжайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері айналым активтерінен 80.892.795 мың теңгеге асып түсті (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері айналым активтерінен 58.916.215 мың теңгеге асып түсті), 2025 жылғы таза залал 14.996.831 мың теңгені құрады (2024 ж.: таза залал 14.760.387 мың теңге) және операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты 29.122.980 мың теңгені құрады (2024 ж.: операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты 9.297.906 мың теңгені құрады).

Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың қолданылуын бағалау кезінде басшылық Компанияның қаржылық жағдайын, күтілетін болашақ қаржылық нәтижелерді, қарыздарды, қолжетімді кредиттік қаражатты және инвестициялық сипаттағы өз міндеттемелерін, күтілетін тарифтерді, валюта бағамдарын, сондай-ақ Компанияның кредиторлары алдындағы міндеттемелерін қанағаттандыру мүмкіндігіне әсер ететін басқа да факторларды назарға алды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы міндеттемелердің бір бөлігі «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС алдында тиісінше 67.824 мың теңге және 9.094.815 мың теңге сомасына (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 129.091 мың теңге) отынмен жабдықтау және локомотивтер мен локомотив бригадаларын жалға алу үшін кредиторлық берешекпен (14-ескертіне) және Бас компаниядан 30.764.118 мың теңге мөлшеріндегі қаржылық көмекпен білдірілген (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 25.076.476 мың теңге) (12-ескертіне).

Номиналды көлемі 2.245.700 мың теңгеге дейінгі облигациялық бағдарлама шеңберінде Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ пайдасына «Астана» Халықаралық қаржы орталығының (AIX) биржасында облигациялардың бірнеше шығарылымын жүзеге асырды: 2023 жылғы 10 қараша - 32.340.000 мың теңге сомасына; 2025 жылғы 31 наурыз - 17.000.000 мың теңгеге; 2025 жылғы 26 желтоқсан - 18.000.000 мың теңгеге. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы облигациялар бойынша міндеттемелер 68.288.193 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 36.363.408 мың теңге). 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы облигациялар бойынша төленуге жататын қысқа мерзімді пайыздар 810.192 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 22.598 мың теңге) (12-ескертіне).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)****Үздіксіз қызмет қағидаты (жалғасы)**

Алдыңғы тәжірибеге сүйене отырып, Компания басшылығы қажет болған жағдайда берешекті өтеу мерзімдерін байланысты тараптармен келісе алады деп санайды.

Компания басшылығы міндеттемелердің бір бөлігін «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-нің жолаушылар тасымалын қамтамасыз етуге жұмсаған шығындары негізінде қалыптастырылатын және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің байланысты тарапының кірістерінен жыл сайын төленетін уақытша теңгерімдеу төлемақысынан («УТТ») алынған акша қаражаты есебінен өтеуді жоспарлап отыр. Компания 2026 жылға арналған уақытша теңгерімдеу төлемақысын ұлғайтуға келісті, УТТ мөлшері 111.848.074 мың теңге деңгейінде белгіленді.

Компания өзінің борыштық міндеттемелерін орындауда қиындықтар немесе шарттық міндеттемелерді бұзуды күтпейді. Компания қолда бар акша қаражаты және болашақта көрсетілген қызметтерден түсетін түсімдер есебінен келісілген төлемдер кестесіне сәйкес берешекті өтеу мүмкіндігіне ие болады.

Сондай-ақ, Бас компания Компанияға ұзақ мерзімді үздіксіз қаржылық және операциялық қолдау көрсету ниетін растайтын хат ұсынды, ол акционердің қолдауымен де көрсетілуі мүмкін. Тиісті талдау жүргізгеннен кейін басшылық Компанияның операциялық қызметті жалғастыру және өз міндеттемелерін өтеу үшін жеткілікті ресурстары бар және осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын қолдану орынды деген қорытындыға келді.

Тиісінше, бұл қаржылық есептілік Компания жақын болашақта қызметін жалғастырады деген жорамал негізінде дайындалды.

Құнды анықтауға арналған база

Қаржылық есептілік есепті күнге әділ құны бойынша ескерілетін кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құн қағидатының негізінде дайындалды. Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтердің орнына берілген сыйақының әділ құны негізінде айкындалады.

Әділ құн активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле шеңберінде міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны көрсетеді, мұндай баға басқа бағалау әдістемесін пайдалана отырып, тікелей бақыланатын немесе есеп айырысу жолымен алынған болса да. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде, егер нарыққа қатысушылар бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің бағасын қалыптастыру кезінде осындай сипаттамаларды ескеретін болса, Компания активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Компанияның қаржылық есептілігі ол қызметті жүзеге асыратын экономикалық ортаның валютасында (оның функционалдық валютасы) ұсынылады. Осы қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Компания қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайы осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») көрсетілген.

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде толығымен айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетел валютасындағы операциялар операция жасалған күнгі Қазақстан қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық жасалмаған шетел валюталары бойынша валюталардың айырбас бағамын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі АҚШ долларына қатысты кросс-бағамдарды пайдалана отырып есептейді.

Шетел валюталарында көрсетілген акшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша көрсетілген, шетел валюталарында білдірілген акшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күніне қолданылатын бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетел валютасында тарихи құны бойынша көрсетілген акшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді.

Операция жасалған күннен кейін айырбас бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар өндірістік мақсаттарда болашақта пайдалануға арналған, аяқталмаған құрылыс объектілеріне жататын шетел валютасындағы қарыздар бойынша бағамдық айырмаларды қоспағанда, шетел валютасындағы қарыздар бойынша пайыздық шығыстарды түзету ретінде осындай активтердің құнына ішінара енгізілетін пайда мен зиян құрамында көрсетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)****Функционалдық валюта және ұсыну валютасы (жалғасы)**

Компания операцияларды жүзеге асырған шетел валюталарының айырбастау бағамдары төменде келтірілген:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ Доллары	502.57	523.54
Еуро	591.68	546.47
Швейцария франкі	637.78	580.49

Келесі кестеде 31 желтоқсанда аяқталған жылғы теңгенің орташа өлшенген айырбас бағамдары көрсетілген:

	2025 ж.	2024 ж.
АҚШ Доллары	521.59	469.44
Еуро	590.15	507.86
Швейцария франкі	630.43	533.96

Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Ағымдағы жылы Компания 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап және одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылатын ХҚЕС-ке және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - «ХҚЕСК») шығарған түсіндірулерге төменде көрсетілген түзетулерді қолданды. Оларды қолдану осы қаржылық есептілікте көрсетілген ашып көрсетулерге немесе сомаларға айтарлықтай әсер еткен жоқ.

- «Валюта бағамдары өзгеруінің әсері» 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жана немесе қайта қаралған ХҚЕС

Осы қаржылық есептілік шығарылған күні Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген ХҚЕС бухгалтерлік есептің мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттарын қолданбаған:

Стандарт пен түсіндірменің атауы	Ерте басталмайтын жылдық есепті кезеңдерге қолданылады
10 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер және 28 ХҚЕС (IAS) (түзетулер) «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы арасында немесе бірлескен кәсіпорын шеңберінде активтерді сату немесе беру»	Күнін ХҚЕСК айқындайды
9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер «Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау»	2026 жылғы 1 қаңтар
9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер «Табиғатқа тәуелді электр энергиясына сілтеме жасайтын шарттар»	2026 жылғы 1 қаңтар
ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайын жетілдіру, 11-том	2026 жылғы 1 қаңтар
18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашу»	2027 жылғы 1 қаңтар
19 ХҚЕС (IFRS) «Жария есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу»	2027 жылғы 1 қаңтар
«Валюта бағамдары өзгеруінің әсері: Ұсынудың гиперинфляциялық валютасына аудару» 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер	2027 жылғы 1 қаңтар

Компания басшылығы жоғарыда көрсетілген стандарттарды қабылдау 18 ХҚЕС-ті (IFRS) қоспағанда, Компанияның болашақ кезеңдердегі қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС жөніндегі кеңес 18 ХҚЕС-ті (IFRS) шығарды, ол «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-тің (IAS) орнына келеді. 18 ХҚЕС (IFRS) белгілі бір жиынтық сомалар мен аралық жиынтық сомаларды ұсынуды қоса алғанда, пайда немесе зиян туралы есепте ақпаратты ұсынуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді. Сонымен қатар, пайда немесе зиян туралы есепте ұйымдар барлық кірістер мен шығыстарды бес санатқа бөле отырып ұсынуы керек (алғашқы үшеуі жаңа): операциялық, инвестициялық және қаржылық, табыс салығы және тоқтатылған қызмет.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)**

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа немесе қайта қаралған ХҚЕС (жалғасы)

18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу» (жалғасы)

Стандартта басшылық айқындайтын қызмет нәтижелерінің көрсеткіштері, кірістер мен шығыстардың аралық жиынтық сомалары туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар, сондай-ақ негізгі қаржылық есептер мен ескертпелердің функциясына байланысты қаржылық ақпаратты жинақтауға және бөлшектеуге қойылатын жаңа талаптар қамтылады.

Жаңа стандартты шығару нәтижесінде «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС (IAS) қолдану аясына түзетулер енгізілді, оған сәйкес жанама әдісті қолдану кезінде операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарын анықтау үшін «пайда немесе зиян» орнына «операциялық пайда немесе зиян» пайдаланылады. Сонымен қатар, түзетулер дивидендтер мен пайыздарды төлеуге байланысты туындайтын ақша ағындарының жіктелуін таңдау мүмкіндігін жоққа шығарады. Кейбір басқа стандарттарға ілесіп түзетулер де енгізілді.

18 ХҚЕС (IFRS) және басқа стандарттарға тиісті түзетулер 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 18 ХҚЕС (IFRS) ретроспективті түрде қолданылады.

Қазіргі уақытта Компания қаржылық есептіліктің негізгі нысандары мен оған ескертпелер үшін түзетулерді қолданудың барлық салдарын анықтау үшін талдау жүргізуде. Компанияның қаржылық есептілігінде алдын-ала күтілетін елеулі өзгерістер:

- Бағамдық айырмалар бағамдық айырма туындайтын бапты қалыптастыратын тиісті кірістер мен шығыстар көрсетілетін санатқа жіктелетін болады;
- Ақпараттың жаңа ашып көрсетулері қосылады:
 - a) Басшылық айқындайтын қызмет көрсеткіштері;
 - b) Егер пайда мен зиян туралы есептің операциялық санатында шығыстар функциялар бойынша ұсынылса, шығыстардың жекелеген түрлері сипаты бойынша;
 - c) 18 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес берілген қайта есептелген сомалар мен 1 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес бұрын ұсынылған сомалар арасындағы пайда мен зиян туралы есептің әрбір бабы бойынша салыстыру.

Алынған пайыздар мен төленген пайыздар тиісінше ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте инвестициялық және қаржылық қызметтің бір бөлігі ретінде жіктеледі

МСФО (IFRS) 19 «Қоғамдық есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашып көрсету»

2024 жылдың мамыр айында МСФО жөніндегі кеңес МСФО (IFRS) 19 стандартын шығарды. Бұл стандарт белгіленген критерийлерге сәйкес келетін компанияларға тану, бағалау және ұсыну талаптарын басқа МСФО стандарттарына сәйкес қолдануды жалғастыра отырып, ақпаратты ашып көрсету талаптарын қысқартылған түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Критерийлерге сәйкес келу үшін есепті кезеңнің соңында ұйым IFRS 10-да берілген анықтамаға сәйкес еншілес ұйым болуы, қоғамдық есептілігі болмауы, сондай-ақ МСФО стандарттарына сәйкес жасалатын және көпшілікке қолжетімді шоғырландырылған қаржылық есептілігі бар (соңғы немесе аралық) бас компаниясы болуы тиіс.

IFRS 19 стандарты 2027 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Ерте қолдануға рұқсат етіледі.

Компанияның үлестік құралдары қоғамдық нарықта айналыста болғандықтан, Компания IFRS 19 стандартын қолдану критерийлеріне сәйкес келмейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТТАРЫ**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздану шығындарын шегере отырып, олардың алғашқы құны не бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)***Кейінгі шығындар**Қарыздар бойынша шығындар*

Жіктелетін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындар активтер негізінен нысаналы пайдалануға немесе сатуға дайын болғанға дейін осы активтің құнына қосу арқылы капиталдандырылады. Компания электровоздарды жіктелген актив ретінде айқындады, өйткені электровоздарды болжамды пайдалануға дайындау айтарлықтай уақытты қажет етеді.

Компания компанияның функционалдық валютасындағы ұқсас қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер негізінде қарыздар бойынша шығындар ретінде ескерілетін бағамдық айырмалардың сомасын бағалайды. Бұл ретте, қарыздар бойынша шығындар ретінде ескерілетін бағамдық айырмалардың сомасы қарыздар бойынша капиталдандырылатын пайыздық шығыстардың жалпы сомасы шетел валютасындағы қарыздар бойынша келтірілген нақты пайыздық шығыстардан кем болмайтындай және функционалдық валютада білдірілген баламалы қарыздар бойынша жұмсалатын пайыздық шығыстардың сомасынан аспайтындай шектелуге тиіс. Бұл есептеу әдісі пайда немесе зиян болатынына қарамастан, бағамдық айырмаларға дәйекті түрде қолданылуы керек.

Компания қаржы жылының негізінде дискретті әдісті қолдана отырып, капиталдандыруға жататын бағамдық айырмалар бойынша пайда мен зиянды бағалайды. Осылайша, капиталдандыруға жататын бағамдық айырмалар сомасы әрбір есепті жыл үшін бөлек айқындалады. Алдыңғы жылдар ішінде капиталдандыру критерийлерін қанағаттандырмаған бағамдық айырмалар кейінгі жылдары капиталдандырылмайды.

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Компания әрбір есепті күнге негізгі құралдар объектілерінің баланстық құнының құнсыздану белгілерінің болуын тексереді. Кез келген мұндай индикаторлар анықталған жағдайда құнсызданудан болған залалдың (егер ондай болса) мөлшерін айқындау мақсатында тиісті активтің өтелетін құны есептеледі. Егер актив басқа активтерге тәуелсіз ақша ағындарын генерацияламаса, Компания осындай активке жататын генерациялайтын бірліктің өтелетін құнын бағалайды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану индикаторлары анықталған жоқ.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар шаруашылық қызмет процесінде локомотивтерді пайдалануды қамтамасыз ету және тасымалдау қызметін жүзеге асыру үшін қолданылады.

Тауар-материалдық қорлар сатып алудың нақты құны мен ықтимал сатудың таза бағасының ең азымен көрсетіледі. Өзіндік құнға тікелей материалдық шығындар және қажет болған жағдайда тікелей еңбекақыны төлеу шығындары және қорларды олардың қазіргі орналасқан жері мен жағдайына келтіру кезінде туындаған үстеме шығыстар кіреді. Нақты құнын есептеу орташа өлшенген құн әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ықтимал сатудың таза бағасы - бұл жұмысты орындау шығыстары мен өткізу, сату және жарнама шығындарын шегергендегі сатудың болжамды бағасы.

Қаржы құралдары

Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер Компания тиісті қаржы құралына қатысты шарт бойынша тарап болған кезде көрсетіледі.

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда мәміле бағасымен бағаланатын қаржыландырудың маңызды құрамдас бөлігін қамтымайтын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе шығындар арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерден басқа) сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар тиісінше бастапқы мойындау кезінде қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)****Қаржы құралдары (жалғасы)*****Қаржы активтері***

Қаржы активтерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату мәмілелері есептілікте көрсетіледі және мәміленің жасалу күніне танылуын тоқтатады. Стандартты шарттармен сатып алу немесе сату мәмілелері тиісті нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алуды немесе сатуды білдіреді.

Барлық танылған қаржы активтері кейін қаржы активтерінің жіктеліміне сәйкес не амортизацияланған күнмен, не әділ күнмен толық бағаланады.

Қаржы активтерінің жіктелуі

Екі шарт орындалатын борыштық құралдар кейіннен амортизацияланған құны бойынша бағалануы тиіс:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты

«Citibank, N.A.» компаниясымен қол қойылған жүк және жолаушылар тепловоздарын сатып алуды қаржыландыру жөніндегі кредиттік келісімге сәйкес (*12-ескертуге*), Компания борышқа қызмет көрсетуге қажетті банктік шот ашты. Осы банк шотында көрсетілген ақша қаражаты пайыздар мен негізгі борыш бойынша жоспарлы төлемдерді жүзеге асыру үшін ғана пайдалана алады. Егер ақша қаражаты қандай да бір тәсілмен есепті күннен бастап он екі айға дейінгі кезеңде пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты айналымдағы активтер ретінде жіктеледі және тиісінше қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетіледі. Егер ақша қаражаты есепті күннен бастап он екі айдан астам кезеңге пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты айналымнан тыс активтердің құрамында көрсетіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі борыштық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді бөлу үшін пайдаланылады.

Қаржы активтері үшін сатып алынған немесе құрастырылған кредиттік –құнсыздандырылған қаржы активтерін қоспағанда (яғни, алғашқыда кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер), тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл борышқорлық құралды өшіруге дейін күтілген мерзімдегі кредиттік шығындарды немесе (егер де жарамды болса) борышқорлық құралдың алғашқы таңылуы кезінде баланстық құнына дейін аса қысқа мерзімді қоспағанда, келіп түсетін қаржылық түсімдерді дисконттау мөлшерлемесі (тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын борышқорлық құралы бойынша алынған төлемдерді, мәміле және басқа да сыйақылар немесе дисконттар бойынша шығындарды қосқанда). Сатып алынған немесе құрастырылған кредиттік-құнсыздандырылған қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекел есебімен түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме, борыштық құралдардың алғашқы таңылу кезеңіндегі амортизацияланған құнына дейін күтілетін кредиттік зияндарды қосқанда, келіп түсетін қаржы ағындарын дисконттау арқылы есептеледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар қарыз алушыға тән факторларға, жалпы экономикалық жағдайларға және есепті күндегі жағдай бойынша жағдайлардың ағымдағы және болжамды дамуын бағалауға түзетілген Компанияда кредиттік зияндардың пайда болуының өткен тәжірибесіне негізделген бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып бағаланады.

Басқа қаржы құралдарына қатысты Компания бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі орын алған жағдайда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндарды таниды. Алайда, егер есепті күнге бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалмаса, Компания 12 айлық күтілетін кредиттік зияндарға тең сомда, осы қаржы құралы бойынша зияндардың бағалау резервін бағалауы тиіс.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)**Қаржы құралдары (жалғасы)*****Қаржы активтері (жалғасы)******Қаржы активтерін тануды тоқтату***

Ақша ағындарына шарттық құқықтар тоқтаған жағдайда немесе қаржы активі және тиісті тәуекелдер мен пайда басқа ұйымға берілген жағдайда ғана Компания қаржы активтерін мойындауды тоқтатады. Егер Компания активті иелік етуден болған барлық негізгі тәуекелдер мен пайданы бермесе әрі сақтамаса және берілген активті бақылауын жалғастыратын болса, ол мұндай активтегі өз үлесін және соған байланысты ықтимал міндеттемелерді тиісті сомалардың ықтимал төленуі бойынша көрсетуін жалғастырады. Егер Компания берілген қаржы активін иемденудің барлық тәуекелдерін және пайдасын сақтап қалса, Компания бұл қаржы активін тануды жалғастырады, ал қаражатты беру кезінде алғандарын қамтамасыз етілген қарыз түрінде көрсететін болады.

Амортизацияланған құны бойынша есептелген, қаржы активтерін тануды тоқтатқан кезде активтің баланстық құны мен алынған және сыйақы алуға тиісті сома арасындағы айырмашылық пайда және зиян құрамында танылады.

Қаржылық міндеттемелер және капитал***Міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеу***

Борыштық және үлестік қаржы құралдары тиісті шарттың мәніне, сондай-ақ қаржылық міндеттеме мен үлестік құралдың анықтамаларына сүйене отырып, қаржылық міндеттемелер немесе капитал ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелер пайда мен зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын («ПЗӨҚБ») қаржылық міндеттемелер ретінде не өзге қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Басқа да қаржылық міндеттемелер

Қарыздарды, сауда және өзге де кредиторлық берешекті қоса алғанда, өзге де қаржылық міндеттемелер бастапқыда транзакциялық шығындарды шегергендегі әділ құн бойынша есепте көрсетіледі. Бұдан әрі қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Қаржылық кепілдік шарты бойынша міндеттеме

Компания жасаған қаржылық кепілдік шарты бойынша міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады, ал кейіннен мынадай шамалардың ең үлкені бойынша көрсетіледі:

- 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес анықталған шығындарға арналған бағалау резервінің сомалары және;
- 15 ХҚЕС-тің (IFRS) қағидаттарына сәйкес танылған кірістің жалпы сомасын шегергендегі бастапқыда танылған сома.

Бас компанияның тобына кіретін және «ҚТЖ» ҰК» АҚ бақылауындағы компаниялар арасында жасалған қаржылық кепілдік шарты бойынша міндеттемелер бастапқы танылған кезде жалпы бақылаудағы операциялар ретінде жіктеледі, тиісінше кейінге қалдырылған салықтың әсерін шегергендегі капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылады.

Қаржылық кепілдік құнының өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда/зиян бірден пайдаға немесе зиянға жатқызылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)****Түсімді тану**

Компания жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тарту қызметтерінен түскен түсімді қызмет көрсету уақытына қарай таниды. Қызметтер көлемі локомотивтің жүру жолында болуының жалпы уақытына және локомотив бригадаларын ауыстыру станцияларында тоқтап қалу уақытына қарай есептеледі. Қызмет көлемі локомотив-сағатпен өлшенеді. Локомотивтік тарту қызметтерін көрсетуден түсетін түсім машинистің маршрутын интеграцияланған өңдеу жөніндегі автоматтандырылған жүйенің нақты деректеріне және белгіленген тарифтерге сәйкес көрсетілген қызметтер көлемінің негізінде есептеледі.

Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар субсидия алу үшін қажетті барлық талаптар орындалатынына және субсидия алынатынына жеткілікті сенімділік пайда болған сәтте танылады.

Мемлекеттік субсидиялар пайда мен зиянда субсидиялармен өтелетін шығындарды танумен бір мезгілде жүйелі негізде пайдада және зиянда танылады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысында локомотивтік тарту қызметтерін көрсетуге байланысты белгіленген шығыстарды өтеу үшін мемлекеттік гранттар күйінде субсидиялар алуға құқығы бар деп қаулы етті. Жолаушылар қозғалысында локомотивтік тарту операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялаудың негізгі талабы субсидияланатын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша локомотив сағаттарының келісілген көлемін орындау болып табылады. Бұл субсидияларға орай Компанияның қандай да бір орындалмаған талаптары немесе шартты міндеттемелері жоқ.

2025 жылы мемлекеттік субсидиялар 11.474.000 мың теңгені құрады (2024 жыл: 11.432.625 мың теңге).

Уақытша теңгерімдеу төлемақысы

Уақытша теңгерімдеу төлемақысы уақытша теңгерімдеу төлемақысын алуға қажетті барлық талаптардың орындалатынына және оның алынатынына жеткілікті сенімділік пайда болған сәтте танылады.

Уақытша теңгерімдеу төлемақысын Комитет бір жылға белгілейді және реттелетін локомотивтік тарту қызметімен байланысты шығындарды пайда мен зиян деп танумен бір мезгілде кезең ішінде танылады.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап «Теміржол көлігі туралы» Заңға сәйкес Ұлттық жүк тасымалдаушы жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тарту операторына төлеуі тиіс уақытша теңгерімдеу төлемақысы енгізілді. Уақытша теңгерімдеу төлемақысы «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-нің жолаушылар тасымалын қамтамасыз етуге жұмсаған шығындары негізінде қалыптастырылады және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің байланысты тарапының кірістерінен төленеді. Компанияда алынған уақытша теңгерімдеу төлемақысына қатысты қандай да бір орындалмаған талаптар немесе шартты міндеттемелер жоқ.

2025 жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС уақытша теңгерімдеу төлемақысынан түскен түсім 99.861.380 мың теңгені (2024 жылы: 85.791.013 мың теңге) құрады.

Жалдау шарттары

Шарттың жасалу сәтіне Компания жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Компания шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

Компания жалға алушы ретінде

Компания, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Компания жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)****Жалдау шарттары (жалғасы)*****Компания жалға алушы ретінде (жалғасы)******Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау***

Компания қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Компания сондай-ақ төмен құны бар активтерді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

Компания жалға беруші ретінде

Сол бойынша Компанияның активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер және пайда іс жүзінде қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Туындайтын жалдау кірісі жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына орай пайда немесе зиян туралы есепте түсімге қосылады. Операциялық жалдау шартын жасау кезінде болатын бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдау кірісі сияқты дәл сондай негізде жалдау мерзімінің ішінде мойындалады. Шартты жалдау ақысы олар алынған кезеңде түсімнің құрамында мойындалады.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығыстарға корпоративтік табыс салығы мен кейінге қалдырылған салық сомалары кіреді.

Корпоративтік табыс салығы

Корпоративтік табыс салығының сомасы кезеңде салық салынатын пайда мөлшеріне қарай анықталады. Салық салынатын пайда пайда мен зиян туралы есепте көрсетілген пайдадан ерекшеленеді, өйткені ол басқа жылдардағы салық салу мақсаттары үшін салық салынатын немесе шегерілетін кірістер мен шығыстардың баптарын қамтымайды, сондай-ақ салық салу мақсатында мүлдем салық салынбайтын немесе шегерілмейтін баптарды алып тастайды. Корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер есепті кезең аяқталғанға дейін заңнамада қолданысқа енгізілген салық салу мөлшерлемесін қолдана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректері арасындағы уақытша айырмаларға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, салық салынатын пайданы ұлғайтатын барлық салық салынатын уақыт айырмаларын ескере отырып көрсетіледі, ал кейінге қалдырылған салық активтері осы уақыт айырмашылықтарын пайдалану үшін болашақта салық салынатын пайданың болу ықтималдығы жоғары болған жағдайда барлық шегерілетін уақыт айырмаларын ескере отырып көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салықтар есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген және салық активін сату немесе салық міндеттемесін өтеу кезеңінде күшінде болады деп болжанатын салық салу мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалау Компанияның (есепті күнгі жағдай бойынша) активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе жабу тәсілдеріне қатысты ниеттерінің салықтық салдарын көрсетеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУЛАРДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ**

Компанияның 3-ескертпеді баяндалған есеп саясатының ережелерін қолдану барысында, басшылық есептілікте танылған сомаларға елеулі әсер ететін пайымдауларды (бағалауға байланысты пайымдаулардан басқа) қолданады және басқа көздерден анық болып табылмайтын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты бағалаулар мен жорамалдарды қалыптастырады. Бағалау және олардың негізінде жатқан жорамалдар нақты жағдайларда орынды болып есептелетін өткен тәжірибеге және басқа да факторларға сүйене отырып қалыптасады. Іс жүзіндегі нәтижелер бұл бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалау және онымен байланысты жорамалдар ұдайы қайта қаралып отырады. Бағалау мәндеріндегі өзгерістер, егер өзгеріс осы кезеңге не болмаса өзгеріс орын алған кезеңге әсер етсе, бағалау қайта қаралған кезеңде және егер өзгеріс ағымдағы да әрі келешектегі кезеңдерге әсер етсе, келешек кезеңдерде көрсетіледі.

Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған маңызды пайымдаулар

Төменде басшылық Компанияның есеп саясатын пайдалану кезінде қолданған және қаржылық есептілікте танылған сомаларға айтарлықтай әсер ететін маңызды пайымдаулар келтірілген:

Локомотивтерге сервистік қызмет көрсету

Компания өз меншігіндегі локомотивтерге сервистік қызмет көрсету шарттарына қол қойды. Сервистік қызмет көрсету шарты жөндеуді қоса алғанда, сервистік қызмет көрсету аясында ірі тораптар мен бөлшектерді ауыстыруды қамтиды. Сервистік қызмет көрсету құны шартта сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге байланысты шығыстар жиынтығына сүйене отырып белгіленгендіктен, Компания басшылығы локомотивтің жекелеген құрамдастарының құнын анықтау мүмкін емес деп санайды. Жөндеуді қоса алғанда, сервистік қызмет көрсетуге арналған шығыстар кезең ішінде көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының құрамында ескеріледі.

Бағалаулардағы белгісіздіктің басты көздері

Төменде болашаққа қатысты негізгі жорамалдар мен келесі қаржы жылының ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулерге әкеп соқтыруы мүмкін ықтималдығы өте жоғары есепті кезеңге келешектегі әрі бағалаудағы басқа да негізгі дереккөздері келтірілген.

Қаржылық кепілдік шарты бойынша міндеттемені бастапқы және кейінгі тану

13-ескертпеді ашып көрсетілгендей, Компания «Citibank, N.A.»-дан қарыздың кредиттік келісімі бойынша Бас компанияның тобына кіретін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің міндеттемелерін уақтылы және толық орындаудың кепілі болды. Компания тәуекелінің ең жоғары мөлшері 238.918.371 мың теңгені құрайды және осы кепілдік оның негізінде жатқан банктік кредит өтелгенге дейінгі кезеңді жабады. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-не кепілдік беру бойынша мәміленің құны нөлге тең.

Сондай-ақ, Компания Материндік компания тобына кіретін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің 2025 жылы «Deutsche Bank Luxembourg, S.A.» банкімен жасалған қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына кепілгер болды. Компанияның ең жоғары тәуекел мөлшері 223.643.650 мың теңгені құрайды және бұл кепілдік негізгі банктік несиені өтеу мерзіміне дейінгі кезеңді қамтиды. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-не кепілдік беру мәмілесінің құны нөлге тең болды.

Компания басшылығы қарыз алушы дефолтқа ұшыраған жағдайда міндеттемелерді орындамауға байланысты барлық елеулі тәуекелдерді іс жүзінде Материндік компания өз мойнына алады деп болжам жасады. Осы бағалауға сүйене отырып, Компания «ҚТЖ – Жолаушылар локомотивтері» ЖШС тарапынан экономикалық ресурстардың шығу ықтималдығы төмен және мәнсіз деген қорытындыға келді. Тиісінше, 2025 жылы Компания аталған қарыз келісімшарттарына қатысты қаржылық кепілдік бойынша міндеттемені мойындаған жоқ.

Егер қаржылық кепілдік кредиттік желіге қатысты берілсе, Компания оны бастапқы тану кезінде кредиттік желі бойынша болашақта алынуы жоғары ықтимал барлық транштар бойынша міндеттеменің толық сомасына қатысты бағалайды. Бұдан бөлек, Компания басқа байланысты тараптармен және Материндік компаниямен бірлесіп кепілгер болған жағдайларда, Компания ҚТЖ тобы компаниялары арасында кредиторлар алдындағы міндеттемелердің ықтимал бөлінуін бағалайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУЛАРДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)****Бағалаулардағы белгісіздіктің басты көздері (жалғасы)**

Қаржылық кепілдік шарты бойынша міндеттемені бастапқы және кейінгі тану (жалғасы)

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелерді бастапқы тану мақсаттары үшін Компания басшылығы «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобының тәсілін қолданып, кепілдіктің әділ құнын кепілдік мерзімдерін ескере отырып, дисконттың ақылға қонымды мөлшерлемесі бойынша келтірілген 2024-2025 жылдары «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС игерілген қарыздары бойынша жылдық және кепілдік берілген соманың 1% мөлшерінде кепілдік бергені үшін сыйақының нарықтық шамасының туындысы ретінде есептеді.

Осы операция жалпы бақылаудағы операция ретінде жіктелді, сәйкесінше қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемені бастапқы тану нәтижесі кейінге қалдырылған салық әсерін шегере отырып капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылды (13-ескертпе).

Кейінгі есепке алу мақсаттары үшін кепілдіктің баланстық құны:

- 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген шығынға арналған резерв сомасынан; және
- Егер қажет болса, жоғарыда көрсетілген түсімді тану саясатына сәйкес танылған кумулятивтік амортизация сомасын шегергенде бастапқыда танылған сомадан ең жоғары болып белгіленеді.

Есепті кезеңнің соңында Компания басшылығы кепілдікпен қамтамасыз етілген қарыздардың мәртебесін, қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалады және қаржылық кепілдік шарты алғаш танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалмады деген қорытындыға келді. Тиісінше, Компаниямен жасаған қаржылық кепілдік шарты бойынша шығындар резерві 12 айлық күтілетін кредиттік зияндарға тең сомада бағаланады. 24-ескертпе осы қаржылық кепілдік шарты үшін кредиттік тәуекелді бағалауды қамтиды.

Шығындар резервінің сомасы кумулятивтік амортизацияны шегергендегі бастапқы танылған сомадан төмен, сондықтан шығындар резерві қаржылық кепілдік шарты бойынша пайда немесе зиян құрамында көрсетілмеген.

Кейінге қалдырылған салық залалдарына қатысты кейінге қалдырылған салық активін бағалау

2024 жылғы 31 желтоқсанда Компания әрбір есепті күнге бағаланатын және кейінге қалдырылған салық активінің барлық шамасы немесе бір бөлігі қарсы пайдаланылуы мүмкін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдығы жоқ дәрежеде азаятын кейінге қалдырылған салық залалдарына қатысты кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құнын бағалауды жүргізді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активі қаржылық жағдай туралы есеп жасалған әрбір күнге қайта қаралып отырады. Болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық залалына қатысты кейінге қалдырылған салық активін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін жаққа өзгеруі мүмкін.

Негізгі құралдардың тозуы

Негізгі құралдардың тозуы активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тікелей әдіс негізінде есептеледі. Пайдалы қызмет етудің болжамды мерзімдеріне, тарату құнына байланысты бағалаулар, сондай-ақ тозуды есептеу әдістері әрбір есепті күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзетулер есептік бағалаулардағы өзгеріс ретінде перспективалы түрде ескеріледі. Пайдалы қызмет ету мерзімдері мен активтердің тарату құнына қатысты бағалау күтілетін пайдалануға, жөндеу және қолдау бағдарламаларына, қызмет көлеміне, технологияларды жетілдіруге және басқа да қызмет жағдайларына байланысты болады. Осы бағалаулардың өзгеруі нәтижесінде тозу сомалары өткен жылдары көрсетілген сомалардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Компания пайдаланатын пайдалы қызмет етудің бағалау мерзімдері төменде (жылдарда) берілген:

Машиналар мен жабдық	3-35
Теміржол көлігі	10-40
Басқа да негізгі құралдар	5-15

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУЛАРДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ (жалғасы)**Бағалаулардағы белгісіздіктің басты көздері (жалғасы)**

Қысқа мерзімді жалдау бойынша босатуды локомотивтерді жалдау шарттарына қолдану

2024 жылғы 19 желтоқсанда Компания 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылу мерзімі бар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-мен локомотивтерді жалға алудың негіздемелік шартын жасасты. Шарттың талаптарына сәйкес Компания нақты түгендеу нөмірлерін бекітпестен белгілі бір сериялы локомотивтерді пайдалану құқығын алады. Локомотивтерді ұсыну әр локомотив бойынша Компанияның жеке өтінімдері негізінде жүзеге асырылады. Шарт әрбір локомотив бойынша жалдаудың ең аз мерзімін көздемейді, тәулігіне берілетін локомотивтердің ең аз санын белгілемейді және сатып алуға арналған опционды қамтымайды.

Осылайша, Компания басшылығы осы шарт шеңберінде ресімделетін өтінімдер 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалдау анықтамасына жататынын анықтады. Негіздемелік шартта нақты түгендеу нөмірлері бекітілмегеніне қарамастан, жеке өтінім бойынша ұсынылатын әрбір локомотив сәйкестендірілетін актив болып табылады, өйткені өнім беруші жалдау мерзімі ішінде айтарлықтай ауыстыру құқығына ие емес, ал Компания тиісті локомотивтің пайдаланылуын бақылау және оны пайдаланудан іс жүзінде барлық экономикалық пайда алу құқығын алады.

Компания басшылығының бағалауы бойынша әрбір жеке өтінім бойынша жалдау мерзімі 12 айдан аз. Тиісінше, Компания 16 ХҚЕС-те (IFRS) көзделген қысқа мерзімді жалдау үшін босатуды қолданады және пайдалану құқығы нысанындағы активті және жалдау міндеттемесін мойындамайды. Жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік негізде шығыстар құрамында танылады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

<i>(Мың теңгемен)</i>	Машиналар, құрал- жабдықтар	Теміржол көлігі	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн					
2025 жылғы 1 қаңтарға сальдо	56.626	333.009.249	11.619	1.979.960	335.057.454
Түсім	-	-	-	30.693.844	30.693.844
Ішкі ауысым	5.088	32.296.880	-	(32.301.968)	-
2025 жылғы 31 желтоқсанға сальдо	61.714	365.306.129	11.619	371.836	365.751.298
Жинақталған тозу					
2025 жылғы 1 қаңтарға сальдо	(33.742)	(30.741.648)	(5.645)	-	(30.781.035)
Есептелгені	(10.542)	(8.739.355)	(1.475)	-	(8.751.372)
2025 жылғы 31 желтоқсанға сальдо	(44.284)	(39.481.003)	(7.120)	-	(39.532.407)
2025 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құны	17.430	325.825.126	4.499	371.836	326.218.891

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТІЛЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

(Мың теңгемен)	Машиналар, құрал- жабдықтар	Теміржол көлігі	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн					
2024 жылғы 31 желтоқсанға сальдо	38.360	220.007.279	11.619	12.800.541	232.857.799
Түсім	-	-	-	102.199.655	102.199.655
Ішкі ауысым	18.266	113.001.970	-	(113.020.236)	-
2024 жылғы 31 желтоқсанға сальдо	56.626	333.009.249	11.619	1.979.960	335.057.454
Жинақталған тозу					
2024 жылғы 31 желтоқсанға сальдо	(24.335)	(23.410.801)	(3.904)	-	(23.439.040)
Есептелгені	(9.407)	(7.330.847)	(1.741)	-	(7.341.995)
2024 жылғы 31 желтоқсанға сальдо	(33.742)	(30.741.648)	(5.645)	-	(30.781.035)
2024 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құны	22.884	302.267.601	5.974	1.979.960	304.276.419

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген негізгі құралдар болған жоқ.

2025 жыл ішінде Компания жалпы құны 32.296.880 мың теңге болатын 12 локомотивті пайдалануға берді (2024 ж.: жалпы құны 113.091.790 мың теңге болатын 45 локомотив).

2025 және 2024 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдары активтердің құнына капиталдандырылған қарыздар бойынша шығындар тиісінше 2.841.258 мың теңгені және 4.507.013 мың теңгені құрады (12-ескерте). 2025 жылы қарыздар бойынша капиталдандыру мөлшерлемесі 3,03%-дан 5,02%-ға болды (2024 ж.: 3,95%-дан 5,02%-ға дейін).

2025 және 2024 жж.31 желтоқсанында аяқталған жылдары Компания таза баланстық құны тиісінше 31.992.511 мың теңге және 23.928.386 мың теңге болатын операциялық жалдау шарттары шеңберінде локомотивтерді жалға беріп отырды. Компания операциялық жалға беретін локомотивтер негізгі құралдардың жеке класына бөлінбейді және Компанияның негізгі қызметінде де қолданылады. Локомотивтерді жалға беру қысқа мерзімді негізде жүзеге асырылады, эпизодтық сипатта болады, бұл ретте тиісті үлгідегі кез келген локомотив жалға берілуі мүмкін. Жалға беру жекелеген қысқа мерзімді өтінімдер негізінде негіздемелік шарттар шеңберінде жүзеге асырылады. Осындай шарттардың қысқа мерзімді сипатына байланысты есепті күнге Компанияда болашақ ең төменгі жалдау түсімдері жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ҮШІН ТӨЛЕНГЕН АВАНСТАР**

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша негізгі құралдар үшін төленген аванстарға мыналар кірді:

<i>(Мың теңгемен)</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Электровоздарды жеткізу	24.162.358	19.226.564
	24.162.358	19.226.564

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар үшін төленген аванстар «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС-нен электровоздарды жеткізуге ақы төлеуге қатысты.

7. ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН ҚҚС

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығы сомасының есептелген қосылған құн салығы сомасынан асып кетуіне байланысты өтеуге қосылған құн салығы 23.339.164 мың теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 22.294.538 мың теңге) құрады. Компания болашақ кірістер есебінен ұзақ мерзімді перспективада қосылған құн салығын өтеуді күтеді, тиісінше, осы дебиторлық берешек айналымнан тыс активтерге жатқызылды.

8. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

<i>(Мың теңгемен)</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Отын және ЖЖМ (өзіндік құны бойынша)	2.674.302	1.487.609
Басқалары (өзіндік құны бойынша)	5.463	5.574
	2.679.765	1.493.183

2025 жылғы 31 желтоқсанда және 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айда тауар-материалдық қорларды сатудың таза құнына дейін есептен шығару жүргізілген жоқ.

9. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

<i>(Мың теңгемен)</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	3.574.925	3.572.828
Өзге де айналымдағы қаржы активтерінің жиыны	3.574.925	3.572.828
Берілген қысқа мерзімді аванстар	359.169	172.129
Салықтар бойынша артық төлем	1.599	1.557
Келешек кезеңдердің шығыстары	2.433	1.826
Басқа да қысқа мерзімді активтер	33.034	44.778
Өзге де айналымдағы қаржылық емес активтердің жиыны	396.235	220.290
Өзге де айналымдағы активтерінің жиыны	3.971.160	3.793.118

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалануға шектелген ақша қаражаты «Citibank, N.A.»-дегі арнайы шотпен ұсынылған, онда «Citibank, N.A.»-дан қарыздарды өтеуге арналған қаражат орналастырылған. Шектеу осы қарыздар келесі екі тоқсан ішінде өтелгеннен кейін алынатын болады. Осы шоттағы қаражат АҚШ долларымен көрсетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**10. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

<i>(Мың теңгемен)</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді банк салымдары, теңгемен	142.095	354.730
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, теңгемен	653.094	11.642
Банктерде ағымдағы шоттардағы ақша, рубльмен	56.657	12.871
	851.846	379.243
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік зияндар резерві	(38)	(18)
	851.808	379.225

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді банктік салымдарға негізінен «Altyn Bank» АҚ-да 14,5% пайыздық мөлшерлемен және 2026 жылғы 5 қаңтарға дейін орналастыру мерзімімен 142.039 мың теңге сомасына «овернайт» депозиттерін (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да 14,95% пайыздық мөлшерлемен және 2024 жылғы 5 қаңтарға дейін орналастыру мерзімімен 354,583 мың теңге) қамтыды.

11. КАПИТАЛ

2021 жылғы 31 тамызда «ҚТЖ–Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-і мемлекеттік тіркеуден өтті. Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы бекіткен бөлу балансына сәйкес активтер мен міндеттемелерді алды және 83.697.835 мың теңге мөлшеріндегі таза активтердің түсуін жарғылық капиталға салым ретінде көрсетті.

2022 жылғы 31 желтоқсанда Компания мен «ҚТЖ–Жүк тасымалы» ЖШС арасындағы бөлу процесі аяқталды, оның нәтижесінде Компания 13.192.701 мың теңге мөлшеріндегі таза активтердің түсуін бөлінбеген пайда құрамында таныды.

2023 жылғы 7 сәуірде Бас компания Басқармасының шешімі негізінде Компанияның жарғылық капиталы 13.192.701 мың теңге мөлшерінде бұрын түскен таза активтердің сомасына ұлғайтылды.

2025 және 2024 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Жолаушылар локомотивтері» ЖШС-нің жарғылық капиталы 96.890.536 мың теңге болды.

Мемлекет, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тұлғасындағы, Компанияның түпкілікті акционері болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТНЕЛЕР (жаңғасы)

12. ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2025 және 2024 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелген пайыздарды қоса алғанда, қарыздар мен борыштық бағалы қағаздар мыналардан тұрды:

	Бастапқы валюта	Өтеу күні	2025 жылғы 31 желтоқсан		2024 жылғы 31 желтоқсан	
			Сомасы	Орташа өлшенген тиімді пайыздық мөлшерлеме (%)	Сомасы	Орташа өлшенген тиімді пайыздық мөлшерлеме (%)
Алынған қарыздар						
«Société Générale» және «Natixis» Citibank, N.A. және Export-Import Bank of the United States	Еуро	2036 жылғы 28 ақпан	99.470.030	4,62	69.829.870	6,29
	Швейцария франкі	2034 жылғы 15 тамыз	51.085.683	2,25	52.270.022	3,21
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Теңге	2025 жылғы 29 желтоқсан	–	–	40.231.912	18,14
		2026 жылғы 18 наурыз	30.764.117	0,01	25.076.476	0,01
Бас компаниядан алынған қарыз	Теңге	2031 жылғы 30 маусым	9.544.415	4,66	13.880.876	5,01
«HSBC Continental Europe»						
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар						
Облигациялық қарыз - «ҚТЖ» ҰК» АҚ	Теңге, Швейцария франкіне индексстеумен	2033 жылғы 6 қараша	35.411.316	3,65	36.363.408	4,43
		2028 жылғы 31 наурыз	14.807.127	17,71	–	–
Облигациялық қарыз - «ҚТЖ» ҰК» АҚ	Теңге					
Облигациялық қарыз - «ҚТЖ» ҰК» АҚ						
Облигациялық қарыз - «ҚТЖ» ҰК» АҚ	Теңге	2032 жылғы 29 желтоқсан	18.009.750	19,5	–	–
Қарыздар мен борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі			67.897.843		59.281.067	
Қарыздар мен борыштық бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді бөлігі			191.194.595		178.371.497	
			259.092.438		237.652.564	

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (жалғасы)**

Қарыздарды төлеу мерзімдері төменде келтірілген:

<i>(Мың теңгемен)</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Бір жылға дейін	67.897.843	59.281.067
1 жылдан 2 жылға дейін	31.701.177	27.719.550
2 жылдан 3 жылға дейін	28.887.677	26.344.380
3 жылдан 4 жылға дейін	26.040.177	26.344.380
4 жылдан 5 жылға дейін	25.420.508	26.261.423
5 жылдан астам	79.145.056	71.701.764
	259.092.438	237.652.564

2025 және 2024 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда алынған және шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша қарыздар бойынша міндеттемелерді камтамасыз ету ретінде кепілге берілген активтер болған жоқ.

Компания барлық кредиттік келісімдердің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес коэффициенттердің (ковенанттардың) орындалуын камтамасыз етуі тиіс. Мұндай кредиттік келісімдердің талаптары бойынша олардың орындалмауы ұзақ мерзімді қарыздардың бірінші талап бойынша мерзімінен бұрын өтелуіне әкелуі мүмкін. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күндерге аяқталған он екі айда Компанияда алынған қарыз шарттары бойынша ковенанттарды бұзушылықтар болған жоқ. Компания есепті күнге, сондай-ақ есепті күннен кейін 12 ай ішінде ковенанттарды сақтауға міндетті. Компания нақты және болжамды қаржылық көрсеткіштер негізінде ковенанттардың сақталуына тұрақты мониторингті жүзеге асырады. Компания болашақта қаржылық ковенанттардың бұзылуына әкелуі мүмкін қаржылық көрсеткіштердің нашарлауын күтпейді.

Алынған қарыздар*«HSBC Continental Europe»*

2012 жылғы 31 мамырда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жүк және жолаушылар электровоздарын сатып алуды қаржыландыру үшін «COFACE» экспорттық-кредиттік агенттігінің қолдауымен «HSBC Bank Plc» және «HSBC Қазақстан» еншілес банкі» АҚ-мен бірлесіп «HSBC Франция» компаниясымен Бас негіздемелік келісім жасасты. Сыйақы EUR CIRR + маржа 0.4% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жарты жылдық төлемдермен өтеледі, ол әрбір транш үшін тіркелген болып табылады. Негізгі борыш 2031 жылы толық өтелгенге дейін жарты жылдық төлемдермен өтелуі тиіс. Аталған қарыз Компанияға 2021 жылғы 1 қыркүйектегі бөлу балансына, кейіннен 2022 жылғы 29 желтоқсанда, 2018 жылғы 13 сәуірдегі кредит шартының жаңа редакциясына өзгерістер енгізу және баяндау туралы келісімдер жасай отырып берілді. Шарттың қалған талаптары өзгеріссіз қалды.

2025 жылдың ішінде Компания алынған қарыз бойынша 6.014.089 мың теңге сомасына негізгі борышты өтеді.

Бұл қарыз Бас компанияның кепілдігіне берілді.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2022 жылғы 20 қазанда Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен 2029 жылғы 19 қазанға дейінгі мерзімге жолаушылар тепловоздары мен электровоздарды қаржыландыруға 68.300.000 мың теңге сомасына кредиттік желі беру туралы келісім жасасты. Сыйақыны өтеу тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі бойынша (қарыз берілген күнге) +2% маржа бойынша жүргізіледі. Негізгі борышты өтеу жеңілдікті кезеңі - бір жыл болатын жарты жылдық төлемдермен жүргізіледі.

2025 жылдың ішінде Компания алынған қарыз бойынша 39.832.936 мың теңге сомасына негізгі борышты өтеді, олардың 31.866.349 мың теңгесі мерзімінен бұрын өтелді.

Бұл қарыз Бас компанияның кепілдігіне берілді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (жалғасы)***Алынған қарыздар (жалғасы)**«Société Générale» және «Natixis»*

2025 жылы BPIFrance 2023 жылғы 23 ақпанда сақтандырған жалпы сомасы 627.111 мың еуроны, оның ішінде «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС үлесі 261.052 мың еуроны құрайтын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Société Générale» және «Natixis» арасындағы жүк және жолаушылар локомотивтерін қаржыландыруға арналған кредиттік келісімнің аясында Компания электровоздарды сатып алу үшін банк «ALSTOM Transport SA»-ға тікелей аударған 54.229 мың еуро сомасына (теңгемен баламасы аударым күні бағам бойынша 32.015.819 мың теңгеге тең) қарыз қаражатын игерді.

Кредит желісінің игерілмеген бөлігін 38.508 мың еуро құрайды (теңгемен баламасы аударым күні бағам бойынша 22.911.863 мың теңгеге тең). Қарыз бойынша пайыздар құбылмалы болып табылатын Euribor 6m + 1,15% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жарты жылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2036 жылы толық өтелгенге дейін жарты жылдық төлемдермен өтелуі тиіс болды.

Бұл қарыз Бас компанияның кепілдігіне берілді.

Citibank, N.A. және Export-Import Bank of the United States

2024 жылғы 7 мамырда швейцария франкінде жалпы сомасы 593.953 мың АҚШ долларына балама, оның ішінде Компанияның үлесі швейцария франкіне баламасында 15,977 мың АҚШ долларын құраған «EXIM Bank» АҚШ-тың экспорттық-кредиттік банкінің, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Қазтеміртранс» АҚ-ның кепілдігімен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС, «Citibank, N. A.» арасында жүк және жолаушылар тепловоздарын сатып алуды қаржыландыру үшін кредиттік келісімге қол қойылды.

Қарыз бойынша пайыздар SARON 3M + 0,75% сыйақы мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі борыш 2034 жылы толық өтелгенге дейін тоқсан сайынғы төлемдермен өтелуі тиіс болды.

2025 жылдың ішінде Компания алынған қарыз бойынша 6.833.949 мың теңге сомасына негізгі борышты өтеді.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар*«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ*

2023 жылғы 10 қарашада номиналды көлемі 2.245.700.000 мың теңгеге дейінгі облигациялық бағдарлама аясында Компания «Астана» халықаралық қаржы орталығы Astana International Exchange Ltd (AIX) биржасында «ҚТЖ» ҰК» АҚ пайдасына 32.340.000 мың теңге сомасына облигациялар шығарды. Купондық мөлшерлеме 2033 жылғы 6 қарашада өтеу күнімен SARON 6m + 3%-ды құрап, купон жылына екі рет төленеді. Есептелген борыш пен сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жүргізген күнге белгілеген Швейцариялық франк бағамына индекстеледі.

2025 жылғы 31 наурызда номиналды көлемі 2.245.700.000 мың теңгеге дейінгі облигациялық бағдарлама аясында Компания «Астана» халықаралық қаржы орталығы Astana International Exchange Ltd (AIX) биржасында «ҚТЖ» ҰК» АҚ пайдасына 17.000.000 мың теңге сомасына облигациялар шығарды. Купондық мөлшерлеме 2028 жылғы 31 наурызда өтеу күнімен ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі +1,5%-ды құрап, купон жылына екі рет төленеді.

2025 жылғы 26 желтоқсанда номиналды көлемі 2.245.700.000 мың теңгеге дейінгі облигациялық бағдарлама аясында Компания «Астана» халықаралық қаржы орталығы □ Astana International Exchange Ltd (AIX) биржасында «ҚТЖ» ҰК» АҚ пайдасына 18.000.000 мың теңге сомасына облигациялар шығарды. Купондық мөлшерлеме 2032 жылғы 29 желтоқсанда өтеу күнімен ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі +1,5%-ды құрап, купон жылына екі рет төленеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (жалғасы)*****Бас компаниядан алынған қарыз***

Компания Бас компаниямен бірлесіп ақша қаражатын орталықтандырылған басқару мақсаттары үшін жоғары өтімді құралды, атап айтқанда кез келген уақытта мерзімінен бұрын қайтару мүмкіндігімен «cash pooling» тетігі аясында қысқа мерзімді қарыздарды қолданады. Компания осындай қарыздар бойынша ақшалай түсімдер мен төлемдерді, егер осы құралдар бойынша айналым мерзімдері үш айдан аспайтын жағдайларда, нетто-негізде көрсетеді. 2024 жылғы 10 желтоқсанда Компания, оған сәйкес Бас компания тараптардың шешімі бойынша кез келген уақытта мерзімінен бұрын қайтару мүмкіндігімен сыйақы мөлшерлемесі – 0.01%, бір жыл мерзімге 40.000.000 мың теңге сомасына қаржылық көмек көрсететін шартты жасасты. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл шарт бойынша берешек 30.764.118 мың теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 25.076.476 мың теңге).

Кредиттік келісімдер және оларды орындау

«HSBC Continental Europe»-пен қаржылық және қаржылық емес талаптарға қатысты уағдаластық шеңберінде Компанияға: Бас компанияда үш корпоративтік рейтингтің кез келген екеуінің (S&P, Fitch, Moody's) BB-ден төмен емес деңгейде болуы талабын ұстану қажет. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талап орындалды.

Кредиттік келісімдер және оларды орындау (жалғасы)

Société Générale мен Natixis-тен алынған қарыздардың талаптары «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде есептелетін «Капиталға таза борыш» қаржылық коэффициентін (ковенантты) сақтауды көздейді (бұл ретте Акционердің жеңілдікті қарыздары жиынтық борыштың 50%-нан аспауға тиіс).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талап орындалды.

Citibank N.A.-мен, Компаниямен, Бас компаниямен, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС және «Қазтеміртранс» АҚ-мен жасалған шартқа сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде есептелетін Бас компанияның және оның еншілес компанияларының ұксас жиынтық көрсеткіштерінің кемінде 75% жалпы жиынтық активтері мен жалпы түсімін қолдау қажет. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл талап орындалды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (жалғасы)****Қаржылық қызметтен міндеттемелер мен акша ағындарының өзгерістерін салыстыру**

Төмендегі кестеде қаржылық қызмет нәтижесінде міндеттемелердің өзгеруі, оның ішінде акша ағындарына байланысты өзгерістер және акша ағындарына байланысты емес өзгерістер келтірілген. Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелер - бұл акша ағындары акша қаражатының қозғалысы туралы есепте болған немесе болашақ акша ағындары қаржылық қызметтен түсетін акша ағындары ретінде жіктелетін міндеттемелер.

(Мың теңгемен)	Банк қарыздары	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Бас компаниядан алынған қарыз	Жиыны
Қаржылық қызметтен болған акша ағындары				
2025 жылғы 1 қаңтарға	176.212.680	36.363.408	25.076.476	237.652.564
Ақша қаражатының түсуі		35.000.000	26.806.124	61.806.124
Ақша қаражатының кетуі	(61.962.380)	(7.258.202)	(21.118.482)	(90.339.064)
Қаржылық қызметтен акша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны	(61.962.380)	27.741.798	5.687.642	(28.532.940)
Негізгі құралдарды банк өнім жеткізушіге тікелей аударған қарыздар есебінен сатып алу ¹	32.015.819		-	32.015.819
Қарыздар бойынша сыйақы және дисконт амортизациясы (20-ескертпе)	13.148.757	3.556.081	-	16.704.838
Сыйақыны капиталға айналдыру	2.841.258	-	-	2.841.258
Шетел валюталарын айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері	9.865.421	3.596.584	-	13.462.005
Төленген пайыздар	(12.008.520)	(3.029.679)	-	(15.038.199)
Басқа да төлемдер ²	(12.907)	-	-	(12.907)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	160.100.128	68.228.192	30.764.118	259.092.438

1. Электровоздарды сатып алу үшін «ALSTOM Transport SA» тізіміне тікелей аударылған «Société Générale»-мен қарыздардың түсуімен көрсетілген.
2. Негізінен Société Générale»-мен қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссиямен көрсетілген.

(Мың теңгемен)	Банк қарыздары	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Бас компаниядан алынған қарыз	Жиыны
Қаржылық қызметтен болған акша ағындары				
2024 жылғы 1 қаңтарға	112.209.342	33.890.344	3.048.092	149.147.778
Ақша қаражатының түсуі	49.428.472	-	22.028.384	71.456.856
Ақша қаражатының кетуі	(29.194.074)	-	-	(29.194.074)
Қаржылық қызметтен акша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны	20.234.398	-	22.028.384	42.262.782
Негізгі құралдарды банк өнім жеткізушіге тікелей аударған қарыздар есебінен сатып алу ³	30.059.341	-	-	30.059.341
Қарыздар бойынша сыйақы және дисконт амортизациясы (20-ескертпе)	14.108.213	1.467.997	-	15.576.210
Сыйақыны капиталға айналдыру	4.507.013	-	-	4.507.013
Шетел валюталарын айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері	8.670.714	2.458.119	-	11.128.833
Төленген пайыздар	(12.956.063)	(1.453.052)	-	(14.409.115)
Басқа да төлемдер ⁴	(620.278)	-	-	(620.278)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	176.212.680	36.363.408	25.076.476	237.652.564

3. Электровоздарды сатып алу үшін «ALSTOM Transport SA» тізіміне тікелей аударылған «HSBC Continental Europe» пен «Société Générale» және «Natixis»-мен қарыздардың түсуімен көрсетілген.
4. Негізінен Société Générale» және «Natixis»-мен қарызды игермегені үшін комиссиямен және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссиямен көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІК ШАРТЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ**

2024 жылғы 7 мамырдағы «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» ЖШС, «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» ЖШС және «Citibank, N.A.» арасындағы жүк және жолаушылар тепловоздарын сатып алуды қаржыландыруға арналған кредиттік келісім шеңберінде (12-ескертіп) Компания осы кредиттік келісімдер бойынша «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС міндеттемелерін уақтылы және толық орындаудың кепілі болады.

